ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

27 декабря 2023 года
Астана қаласы

№ 660
город Астана

**О внесении изменений и дополнений
в Устав некоммерческого акционерного общества
«Национальная академия наук Республики Казахстан»
при Президенте Республики Казахстан»**

В соответствии с пунктом 5 статьи 35, подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 1) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и письма Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 21 декабря 2023 года № КГИП-03-КГ/13450 **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения и дополнения в Устав некоммерческого акционерного общества «Национальная академия наук Республики Казахстан» при Президенте Республики Казахстан» (далее – Общество), утвержденного приказом исполняющего обязанности Председателя Комитета государственного имущества и приватизаций Министерства финансов Республики Казахстан от 11 апреля 2023 года № 326 согласно приложению к настоящему приказу.

2. Обществу:

1) направить в регистрирующий орган уведомление о внесении изменений и дополнений в Устав Общества;

2) принять иные меры, вытекающие из настоящего приказа.

3. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Министр** **С. Нурбек**

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

003124

Утверждено
приказом Министра науки
и высшего образования
Республики Казахстан
от «27» декабря 2023 года
№660

**Изменения и дополнения,**
**вносимые в Устав некоммерческого акционерного общества**
**«Национальная академия наук Республики Казахстан»**
**при Президенте Республики Казахстан**

Внести в Устав некоммерческого акционерного общества «Национальная академия наук Республики Казахстан» при Президенте Республики Казахстан» утвержденного приказом исполняющего обязанности Председателя Комитета государственного имущества и приватизаций Министерства финансов Республики Казахстан от 11 апреля 2023 года № 326 следующие изменения и дополнения:

1. Пункт 103 изложить в следующей редакции:

«103. Общее собрание академиков является представительным органом.

В Состав Общего собрания академиков входят академики, избранные в соответствии с Правилами и критериями избрания академиков Национальной академии наук Республики Казахстан, утверждаемые уполномоченным органом в области науки (далее – Правила) и настоящим Уставом.

В своей деятельности Общее собрание академиков руководствуется действующим законодательством, настоящим Уставом и внутренними нормативными документами Общества.».

2. Подпункт 4) пункта 104 изложить в следующей редакции:

«4) избрание действительных академиков (членов) Общества, членов Президиума Общества, за исключением членов Переходного президиума, который формируется в соответствии с Правилами.».

3. Пункт 113-2 изложить в следующей редакции:

«113-2. Президиум Общества формируется решением Общего собрания академиков, за исключением Переходного президиума. Переходной президиум формируется в соответствии с Правилами для организации деятельности Общего собрания академиков и проведения первых процедур их избрания.

Переходной президиум в течении 15 (пятнадцати) рабочих дней с момента его формирования, проводит на своем заседании первую процедуру избрания действительных академиков Академии.

Избранные в соответствии с настоящим пунктом Устава академики на Общем собрании избирают состав Президиума Общества.».

4. Пункт 113-4 изложить в следующей редакции:

«113-4. Президиум Общества:

Организует процедуру избрания действительных академиков (членов) Общества в соответствии с Правилами и настоящим Уставом. Решения Президиума Общества являются обязательными для исполнения Правлением Общества;

осуществляет в соответствии с Правилами промежуточный контроль за исполнением программы академика Общества по завершению 1 и 3 годов программы;

вносит на рассмотрение кандидатуры иностранных членов Общества;

учреждает нагрудные знаки академиков Общества, научные премии, почетные звания, награды (медали) и удостоверения;

координирует выполнение академиками Общества и других отраслевых академий, учеными научных организаций и вузов ежегодного Национального доклада по науке;

рассматривает и утверждает план изданий Общества (журналы, монографии) и контролирует их выполнение;

осуществляет иные вопросы, предусмотренные Законом Республики Казахстан «О науке» и Уставом Общества, не относящиеся к исключительной компетенции Единственного акционера, Общего собрания академиков Общества и не запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан.».

5. Пункт 144 изложить в следующей редакции:

«144. Действительными академиками (членами) Общества избираются соответствии с Правилами и настоящим Уставом.».

6. Пункт 145 исключить.

7. Пункт 149 изложить в следующей редакции:

«149. Почетными академиками Общества избираются ученые, чья деятельность непрерывно связана с развитием науки и техники и которые соответствует требованиям Правил. Избрание почетных академиков Общества проводятся в порядке, утвержденном Правилами.».

8. Дополнить пунктами 149-1, 149-2, 149-3 и 149-4 следующего содержания:

«149-1. Академики Республиканского общественного объединения «Национальная академия наук Республики Казахстан», избранные до 11 марта 1996 года, являются почетными академиками Академии.

149-2. Действительные академики Академии, достигшие пенсионного возраста и соответствующие требованиям Правил, по решению президиума Академии приобретают статус почетного академика Академии и им выплачиваются пожизненные стипендии в порядке, установленном действующим законодательством.

149-3. В исключительных случаях по ходатайству уполномоченного органа в области науки почетными академиками избираются лица, чья деятельность оказала существенное влияние на социально-экономическое и

(или) политическое развитие Республики Казахстан и деятельность которых соответствует требованиям Правил.

149-4. Звание «Почетный академик» является пожизненным.».

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023 жылғы 27 желтоқсан № 660

Астана қаласы город Астана

**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № КГИП-03-КГ/13450 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 326 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса берілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қоғам:

1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлама жолдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр** **С. Нұрбек**

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап кайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательного ссылаться на наш № и дату.

002907

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2023 жылғы «27» желтоқсан
№ 660 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 326 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«103. Академиктердің жалпы жиналысы өкілді орган болып табылады.

Академиктердің жалпы жиналысының құрамына ғылым саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары мен өлшемшарттарына (бұдан әрі – Қағидалар) және осы Жарғыға сәйкес сайланған академиктер кіреді.

Академиктердің жалпы жиналысы өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы, осы Жарғыны және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.».

2. 104-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қағидаларға сәйкес қалыптастырылатын Өтпелі төралқа мүшелерін қоспағанда, Қоғамның нақты академиктерін (мүшелерін), Қоғам төралқасының мүшелерін сайлау;».

3. 113-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«113-2. Қоғамның төралқасы Өтпелі төралқаны қоспағанда, академиктердің жалпы жиналысының шешімімен қалыптастырылады. Өтпелі төралқаны Академиктердің жалпы жиналысының қызметін ұйымдастыру және оларды сайлаудың алғашқы рәсімдерін өткізу үшін Қағидаларға сәйкес қалыптастырылады.

Өтпелі төралқа құрылған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өз отырысында Академияның нақты академиктерін сайлаудың бірінші рәсімін өткізеді.

Жарғының осы тармағына сәйкес сайланған академиктер жалпы

жиналыста Қоғам төралқасының құрамын сайлайды.».

4. 113-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

113-4. Қоғам төралқасы:

«Қағидаларына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның нақты академиктерін (мүшелерін) сайлау рәсімін ұйымдастырады. Қоғам төралқасының шешімдері Қоғам Басқармасының орындауы үшін міндетті болып табылады;

Қағидаларға сәйкес бағдарламаның 1 және 3 жылын аяқтағаннан кейін Қоғам академигі бағдарламасының орындалуына аралық бақылауды жүзеге асырады;

Қоғамның шетелдік мүшелерінің кандидатураларын қарауға енгізеді;

Қоғам академиктерінің төсбелгілерін, ғылыми сыйлықтарды, құрметті атақтарды, наградаларды (медальдарды) және куәліктерді белгілейді;

Қоғам академияларының және басқа да салалық академиялардың, ғылыми ұйымдар мен ЖОО ғалымдарының Ғылым туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманың орындауын үйлестіреді;

Қоғам басылымдарының (журналдар, монографиялар) жоспарын қарап, бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің, Қоғам академиктерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәселелерді жүзеге асырады.».

5. 144-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«144. Қоғамның нақты академиктері (мүшелері) осы Қағидаларға және Жарғыға сәйкес сайланады.».

6. 145-тармақ алып тасталсын.

7. 149-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«149. Қоғамның құрметті академиктерін қызметі ғылым мен техниканың дамуымен үздіксіз байланысты және Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін ғалымдар сайлайды. Қоғамның құрметті академиктерін сайлау Қағидалармен бекітілген тәртіппен жүргізіледі.».

8. Мынадай мазмұндағы 149-1, 149-2, 149-3 және 149-4-тармақтармен толықтырылсын:

«149-1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 1996 жылғы 11 наурызға дейін сайланған академиктері Академияның құрметті академиктері болып табылады.

149-2. Зейнеткерлік жасқа толған және осы Қағидалардың белгіленген талаптарға сәйкес келетін Академияның нақты академиктері Академия төралқасының шешімі бойынша Академияның құрметті академигі мәртебесіне ие болады және оларға қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өмір бойы стипендиялар төленеді.

149-3. Ерекше жағдайларда, ғылым саласындағы уәкілетті органның өтінішхаты бойынша қызметі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-

экономикалық және (немесе) саяси дамуына елеулі ықпал еткен және қызметі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін адамдар құрметті академиктер болып сайланады.

149-4. «Құрметті академик» атағы өмір бойлық болып табылады.».